

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Күз сыйы

ЖАРИЯЛАНДЫ  
18.11.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/85195/>

Жаңаөзен қаласы «№4 Самал бөбекжай бақшасы»

Тәрбиеші: Күміс Бекқалиқызы Лукпанова

Білім беру саласы: Әлеумет

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қоршаған ортамен таныстыру.

Оқу қызметінің тақырыбы: «Күз сыйы»

Ұ.О.Қ. мақсаты: Күзгі ерекшеліктерді пысықтау, күз сыйының пайдасын білуге шабыттандыру арқылы үйрету. Мозартика әдісі пайдаланып, күз сыйының түрлерін витражға 4 К моделімен топтастыру арқылы орналастыру мен сипаттау. Ойынвизор арқылы ұқыпты жұмыстануға ойын, ойлау қабілетін дамыту. Құралдарды ұқыпты қолдануда техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтауға мәдениетті сөйлеуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: Мозартика әдісі арқылы витражға дәнді дақылдарды және табиғат құбылыстарын орналастырады.

Ойынвизорды пайдаланып көкөністер мен дәнді дақылдарды салады.

Құралдарды ұқыпты қолданады. Техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтауға, кедергі болмауға мүмкіндік жасайды.

Тілдік мақсат: Дағдыларын дамыту, қоршаған ортамен шығармашылық саласымен топтастыру.

Ресурстар: Интербелсенді тақта, Үлестірмелі құралдар, ойынвизор қағазы, пламастер, ермек саз, т.б.,

Алдыңғы бөлім: «Менің ынтымақты отбасым»

ҰОҚ кезеңдері, уақыты Жоспарланған іс -әрекеттер

Ресурстар

Мотивациялық

қозғаушы

5 минут

Жаңа сабақ

барысы:

15минут.

Шаттық шеңбері:

Жақсы сөздермен амандасу.

Қуан шаттан алақай,

Қуанатын күн туды.

Күліп шықты күн бүгін,

Қайырлы таң!

Қайырлы күн!

Сәлеметсіздерме!

Балалар ендеше арнайы дайын гүлдерді таңдау жасап төрт түске бөлінеміз.

Таңдау өздеріңнен қалауыңыз бойынша.

Ендеше қызыл түс қызыл гүлді алған балалар қызыл парта мен орындыққа отырамыз.

Көк түс көк парта мен көк отырғышқа отырады.

Жасыл түс жасыл парта мен жасыл отырғышқа отырады.

Сары түс сары парта мен сары отырғышқа отырады.

«Сұрақ-жауап» әдісі. Сұраққа толық жауап берген балдарды әдемі жұлдызшалармен марапаттап тұрамын.

Балалар біздер қайдан келдік?

Балалар біздер қайда келдік?

Біздер неше түске бөліндік.?

Бүгін нешінші күн?

Бір жылда неше мезгіл бар деп ойлайсыңыздар?

Кәзір жылдың қай мезгілі?

Күз мезгілінде неше ай бар? Кім күз туралы тақпақты кім айтады. Өткен қыркүйек, қазан айы туралы кім тақпақ айтады. Күздің мезгілінің қандай ерекшеліктері бар кім?

Адамдар жылы киінеді. Ағаштың жапырақтары сағайып жерге түседі. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Күн қысқарады түн ұзарады.

Көкөністер мен жемістер піседі.

Дәнді дақылдар піседі оларды жинап қырманға апарады. Найзағай ойнап нөсер жаңбыр жауады, жер балшық болады.

Жарайсыңдар. Бәріміз бүгінгі күздің сыйы тақырыбымен танысуды экраннан қарайық.

Балаларды шабытандыру арқылы оларға пайдасын айтып таныстыру.

Көңілді сергіту сәтін орындаймыз.

Музыкалық үн

Төрт

Төртінші күні

Төрт

Үйден

Бөбекжайға келдік

Күзімау-күзімау.

Мінезің бұзық ау.

Жаңбырың сіркіреп Келгенің қызық ау.

Қыркүйек айы туралы кім тақпақ айтады.

Слайд

Қимыл –қозғалыспен орындайды.

Көк түске. Ойынвизор арқылы көкөністерді салу.

Қызыл түске табиғаттың құбылыстарын салу.

Сары түске ойынвизор арқылы жемістерді салу.

Жасыл түске дәнді-дақылдарды салу

Музыка әуенін қосып қою. Материалдармен құралдарды ұқыпты қолдануда техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау кезінде кедергі болмауға мүмкіндік жасау.

Олай болса ой қозғау әдісі арқылы «Тапқыр топ» ойынымен топтасып ойнауда тақырыпты қортындылаймыз.

Тапсырмалар:

Барлық түске тапсырма «Не жасырынып тұр» ойыны.

Шарты: Үлгі суреттің астындағы жасырынған жемістер тауып, ата?

Мақсаты: Ойнауда балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін арттыру.

1 Қызыл түс жасырын көкөністерді табу.

2.Көк дәнді дақылдары витражға орналастыру.

3.Жасыл түс жемістерді табу.

4.Сары түске витражға табиғат құбылыстарын жанбыр, найзағай, орналастыру.

mydogscats.ru

Музыка әуенін қосып қою.

Балалар витражбен

жұмыстанады.

Рефлексті

Кезіндері

5 минут Мадақтау. Алған жұлдызшаларыңызды санап жазамыз. Яғни 4-5 жұлдызша алған балалар сіздердің бағаңыз төрт болады. Ал 6 –дан көп болса, жұлдызша алған балалардың бағасы 5 болады.

Сіздердің алдыңызда дөңгелек спикер бар соған баға қойып көрсетіңіздер.

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.